

***Түркістан облысы білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МКҚК***

Өндірістік кеңестің хаттамалары

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және
олармен бірдей электрондық құжаттар.

05.09.2024 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. Бөбекжай қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен, лауазымдық міндеттерімен таныстыру
2. Техника қауіпсіздігі бойынша ереже, нұсқау, сабақ, іс-шаралармен таныстыру бекіту
3. Балалардың денсаулығын нығайту, балалар бөлмесінің тазалығы, ауланың тазалығы туралы

1.Тыңдалды Бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Бөбекжайда кәсіподақ төрайымы А.Кемелбекова тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады.

Сонымен бірге бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған паракшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын, әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты.

Өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін, тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті Сондықтан барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты.

Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен танысып,орындайтындықтырын білдірді, қолын қойды.

2.Тыңдалды Бөбекжай шаруашылық меңгерушісі А.Тналиева кенеске қатысушыларға «Техника қауіпсіздігі бойынша ереже, нұсқау , сабақ, іс-шаралармен таныстырды.Жұмыс барысында еңбек талаптарын дұрыс орындау , қауіпсіздік ережелерінің сақталуы туралы айтып түсіндірді. Бөбекжай қызметкерлерімен және тәрбиеленушілермен қауіпсіздік бойынша ұйымдастырылып жүргізілетін іс-шараларды талқылап бекітуге ұсынды.

3.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша медбике С.Калиева сөз алып балалардың денсаулығын нығайту,балалар бөлмесінің тазалығы,ауланың тазалығы туралы айтты. Күнделікті жоспарға сәйкес балалардың денсаулығын нығайту жұмыстары уактылы жүргізілуі туралы айтып өтті. Таңғы жаттығу,серуен,қимылды ойындар жалпы дамыту ортасының болуы.Сондай-ақ балалар бөлмесінің тазалығы,реттілігі ойын алаңдарының тазалығы туралы жұмыстарды күнделікті орындалуы туралы тәрбиешілерге және тәрбиеші көмекшілерге ұсыныстар айтты.Жұмыс барысында келтірілген кемшіліктерді қайталанбауын ескертті.

Шешімі:

1.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.

2.Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар таныстырылды.Қауіпсіздік ережелері сақталынсын.

3.Балалардың денсаулығын нығайту,балалар бөлмесінің тазалығы,ауланың тазалығы туралы келтірілген ұсыныстар бойынша жұмыс жүргізу жалғастырылсын.

Кенес төрайымы
Хатшысы



А.Т.Тналиева
Т.Т.Тналиева

05.01.2025 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Бірінші жарты жылдыққа бөбекжай ұжымының атқарған жұмыстарының қорытындысы
- 2.Жылу жүйелерінің қыс мезгілінде қатып қалмауын болдырмау мақсатында алдын-ала жүргізілген жұмыстар туралы
- 3.Еңбек демалысы кестесімен таныстыру, бекіту.

1.Тыңдалды Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ұ.Маханбет бірінші жарты жылдыққа бөбекжай ұжымының атқарған жұмыстарының қорытындысына мәлімет жасады. Тәрбие мен оқыту жұмыстары бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді.Жас ерекшеліктеріне қарай бағдарламалар толық орындалды.Балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-әрекеттер, ертеңгіліктер ,ашық ұйымдастырылған оқу қызметтер өткізілді.Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында аудандық семинарларға қатысуы қамтамасыз етілді. Жас мамандарға тәлімгерлік жүйесі енгізіліп, тәжірибелі тәрбиешілермен жұмыс жүргізілді.Жарты жыл ішінде ұжым жоспарланған жұмыстарды жүйелі түрде орындап, балалардың жан-жақты дамуына, тәрбиеленуіне қолайлы орта қалыптастырды. Алдағы уақытта жұмыс сапасын одан әрі арттыру бағытында жұмыстар жалғасын табады.

2.Тыңдалды Бөбекжай шаруашылық меңгерушісі А.Тналиева кеңеске қатысушыларға «Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы»бойынша мәлімет жасады. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп,мұржалар тексеруден өткізіліп пештер қысыммен тексерілді.Барлық топ 20-22⁰ С қалыпты температура сақталуда екенін айтты. Жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін нұсқаулықтарын қатаң сақтауды ескертті.

3.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту туралы мәліметімен таныстырды. Барлық қызметкерлер дайындалған кестеге қанағаттанатындықтарын білдірді.

Шешімі:

1. Жарты жылдыққа бөбекжай ұжымының атқарған жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
- 2.Бөбекжайдың қысқы жылу мерзіміне дайындығы қанағаттанарлық.
- 3.Қызметкерлердің демалыс кестесі бекітілсін.

Кеңес төрешісі
Хатшысы



М. Нуралиева
Т. Шегенова

07.03.2025 ж

Қатыскандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Тәрбиеленушілердің тамақтандырылуы жағдайы,ас мәзірі талаптарының орындалуы
- 2.Жылу жүйесі,су және жарық мәселелері бойынша қаржы үнемдеу мәселесі

1.Тыңдалды Бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толықканды тамақтану рационын құру, құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану тес.мәселелерді түсіндірді.

Сондай ақ ақуыздар мен майлардың көп бөлігін балалар түс кезінде алады. Майлар мен ақуыздар өсіп келе жатқан ағзаның құрылыс материалы болып табылады. Ағзаға ақуыз жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды, иммунитет төмендейді, ақыл-ой жұмысы нашарлайды. Сондықтан да, ақуыз мектеп жасына дейінгі баланың тағамына енгізіліп отыруы қажет. Тағамның әр түрлі болғаны маңызды, сол ғана оның пайдасын арттыратынын айтып, мейірбике С.Калиеваға ас мәзіріннің талаптарының сақталынуы жөнінде ескертті.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай шаруашылық меңгерушісі А.Тналиева кеңеске қатысушыларға жылу жүйесі,су және жарық мәселелері бойынша қаржы үнемдеу мәселесі туралы түсіндірме жұмыс жасады.Ғимараттың терезелері мен есіктерін дұрыс жабу, қабырғаларды жылылау арқылы жылу шығынын азайту.Су ағатын құрылғыларды жөндеу: ағып тұрған кран немесе әжетхана – елеулі шығын көзі.Балаларды үнемдеуге тәрбиелеу: суды артық пайдаланбау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.Энергия үнемдейтін шамдар: LED шамдарға ауыстыру арқылы жарықтандыру шығынын едәуір азайтуға болатыны туралы ескертті.

Шешімі:

1. Дұрыс толық тамақтану мен ас мәзіріннің талаптары сақталынсын.
2. Жылу жүйесі,су және жарық мәселелері бойынша қаржы үнемдеу жұмыстарын жүргізу жалғастырылсын

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Ж. Нуралиева
С. Калиева

15.05.2025 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Бөбекжайдағы сенбілік жұмыстары
- 2.Эвакуация жоспары бойынша өртке қарсы нұсқау
- 3.Жазғы сауықтыру жұмыстарына дайындық

1.Тыңдалды Бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз алып, бөбекжайдағы сенбілік жұмыстары туралы айтты.Сенбілікті балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін мекеме аумағын, ғимарат ішін таза ұстау мақсатында жиі ұйымдастырылатынын ескертті. Сонымен бірге балабақша ауласын әр топ өз учаскелерін әсемдеулері, гүлдер отырғызып ,оларға күтім жасау керектігін айтып өтті.

2.Тыңдалды Бөбекжай шаруашылық меңгерушісі А.Тналиева кеңеске қатысушыларға эвакуация жоспары бойынша өртке қарсы нұсқаулықтар жөнінде түсіндірме жасады.Жұмыс барысында өрт қауіпсіздігі техникасын қатаң сақталуы туралы айтты. Асхана қызметкерлері мен шаруа меңгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуді ұсынды,қызметкерлер келісім берді.

3.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша әдіскер Б.Пернебекова сөз алып, жазғы сауықтыру жұмыстарына дайындық, балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығымен таныстырды. Әрбір қызметкер баланың өміріне жауапты. Мекеме ғимараттары, ойын алаңы өз мезгілінде тексеріліп тұру керек. Тәрбиешілер мен күтушілер жаз мезгілінде балаларды құммен ойнауда, бассейнге шомылуда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек.Жазғы сауықтыру іс шаралар жоспары таныстырылды.Алдағы уақытта іс шара жоспары бойынша жұмыс жүргізілетінін айтып өтті.Қызметкерлер толық келісім берді .

Шешімі:

1. Бөбекжайда сенбілік жұмыстары уактылы жүргізілсін .
- 2.Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар таныстырылды.Қауіпсіздік ережелері сақталынсын.
3. Жазғы сауықтыру іс шаралары жоспарға сай орындалсын.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Ж. Нуралиева
А. Тналиева